


<b>Пән</b>	Информатика
<b>Мұғалім</b>	Арысбаева Венера
<b>Мектеп, сынып</b>	Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шытты ауылы, Ә.Дәрібаев атындағы жалпы орта мектеп



***Бір дұрыс жауабы бар тест***

1. Сүзгілі түтіктер болады:

- A) Сүректе
- B) Өзекте
- C) Камбийде
- D) Қабықта**
- E) Ксилемада

2. Көп сүйекті жинақталған жеміске жатады:

- A) Таңқурай**
- B) Итмұрын
- C) Аскөк
- D) Инжір
- E) Меңдуана

3. Раушангүлділер тұқымдасына тән емес белгі:

- A) Аталықтары көп
- B) Бунақденелілер тозандандырады
- C) 3000 астам түрі бар
- D) Жапырақтары қатарлас, доға жүйкелі**

Е) Қос гүлсерікті

4. Вирустан болатын аурулар:

**А) Қызылша, сары ауру**

В) Оба, сіреспе

С) Баспа, топалаң

Д) Туберкулез, іш сүзегі

Е) Құздама, сарып

5. Сиыр цепенінің сорғыштарының қызметі:

А) Ас қорытуға қатысу

В) Тыныс алуға қатысу

**С) Ішекке жармасу**

Д) Өсімдік сабағына жабысу

Е) Қоректік затты сору

6. Кенелерге тән емес:

А) Дернәсілі – нимфа

В) Өсімдіктерді зақымдайды

С) Аузы- кеміруші

Д) Топырақ құнарлылығын артыратын түрі бар

**Е) Толық түрленіп дамиды**

7. Сусар тұқымдас жануар:

А) Сабаншы, қарақұлақ

В) Сілеусін, ілбіс

**С) Борсық, итаю**

Д) Сақалтай, ұлар

Е) Тапир, тарпан

8. Жасушада синтезделген барлық заттарды тығыздап жинақтайды:

**А) Гольджи жиынтығы**

В) Эндоплазмалық тор

С) Рибосомалар

Д) Митохондриялар

Е) Плазмалемма

9. Тек адамға тән қасиеттер байланысты:

А) Мишыққа

В) Аралық миға

**С) Үлкен ми сыңарына**

Д) Сопақша миға

Е) Ортаңғы миға

10. Дененің кеңістіктегі жағдайы туралы ақпарат беріп отырады:

А) Евстахиев түтігі

В) Көру мүшесі

**С) Вестибула аппараты**

Д) Дыбыс сүйекшелері

Е) Тері сезімі

11. Сіңіру процесі жүреді:

А) Капсулада

**В) Бүйрек өзекшелерінде**

С) Бүйрек қақпасында

Д) Бүйрек астауында

Е) Жинағыш түтікшелерде

12. Біздің барлық психикалық іс-әрекетіміздің біз үшін маңызды заттар мен құбылыстарға бағытталуы:

A) Адам қажетсінулері

B) Қабілеттілік

C) Нышан

D) Зейін

E) Есте сақтау

13. ДНҚ молекуласының құрамындағы тимин нуклеотидтерінің мөлшері 20% болса, қалған нуклеотидтерінің мөлшері:

**A) А-20%, Г-30%, Ц-30%**

B) А-30%, Г-20%, Ц-30%

C) А-30%, Г-30%, Ц-20%

D) А-20%, Г-30%, Ц-20%

E) А-20%, Г-20%, Ц-30%

14. Оңтүстік-Батыс Азия орталығында мәденилендірілген өсімдіктер:

**A) Бидай, қарабидай, бұршақ, зығыр, сәбіз, жүзім, алмұрт**

B) Күріш, қант қамысы, көкөністер

C) Тары, қарақұмық, көптеген көкөністер

D) Қатты бидай, арпа, құмай, банан, кофе ағашы

E) Жүгері, мақта, асқабақ, темекі, какао

15. Алып әйел ауруының жыныстық хромосомасы:

A) XO

B) XXU

**C) XXX**

D) ХУУ

E) ХХ

16. Дивергенция нәтижесі:

A) Кактустар және сүттігендер

B) Раушан мен жантақ тікенектері

C) Қызылша жемтамыры мен картоп түйнегі

**D) Бүркіт пен тоқылдақ саусақтары**

E) Адам мен сегізаяқ көздері

17. Бірінші қатардағы консумент:

**A) Қоян**

B) Түлкі

C) Бүркіт

D) Шөптер мен бұталар

E) Шіріту бактериялары

18. Жануарлар мен өсімдіктер түрі Қазақстан Республикасының барлық аумағында ерекше қорғалады:

A) Қорықтағы

B) Қорықшадағы

**C) Қызыл кітаптағы**

D) Табиғат ескерткіштері

E) Ұлттық табиғи саябақтар

19. Шөл белдемі алып жатыр:

**A) 50,2%**

B) 28%

C) 7%

D) 60-90%

E) 34%

20. Ксерофиттер өседі:

A) Тропиктік орманда

B) Ылғалы орташа жағдайда

**C) Ылғалы тапшы жағдайда**

D) Суда

E) Басқа өсімдіктерде

***Бірнеше дұрыс жауабы бар тест:***

21. Алқалар тұқымдасына тән емес:

A) Тостағанша, күлте жапырақшалары біріккен

B) Баклажан, қызанақ, картоп жатады

C) Жемісі жидек немесе қауашақ

D) 2900-ге жуық түрлері бар

**E) Жоңышқа, жантақ, мия жатады**

**F) Күлте жапырақшалары бірікпеген**

**G) Жемісі бұршаққын**

H) Меңдуана, шырайгүл жатады

22. Жемісі тұқымша өсімдіктер:

A) Сұлы

**B) Мақсыр**

**C) Бақбақ**

D) Шомыр

**Е) Жусан**

Ғ) Мия

Г) Қызылқұлақ

Н) Шетен

23. Гермафродиттер:

**А) Ақ сұлама**

В) Ішексорғы

С) Өрмекшілер

**Д) Шұбалшаң**

**Е) Бауырсорғыш**

Ғ) Шегіртке

Г) Сегізаяқ

Н) Суыртқы

24. Тағам ретінде пайдаланылады:

**А) Теңізқияр**

В) Бұғықоңыз

**С) Қандауырша**

Д) Зымырақ

**Е) Каракатица**

Ғ) Латимерия

Г) Жүзім ұлуы

Н) Қалқанқұлақ

25. Вена қаны болмайтын қантамыр:

**А) Қолқа**

В) Өкпе артериясы

**C) Өкпе венасы**

**D) Бүйрек артериясы**

E) бүйрек венасы

F) Жоғарғы қуыс вена

G) Төменгі қуыс вена

H) Бауыр венасы

26. Нәруыз текті заттар:

A) Гликоген

**B) Антиденелер**

C) Глицерин

**D) Ферменттер**

E) Нуклеотидтер

F) аминқышқылы

**G) Коллаген**

H) Плазма

27. Түр аралық будандар:

**A) Тритикале**

B) Жаздық бидайдың қысқа сабақты мутанттары

C) Новосибирская-67 бидай сорты

D) Қазақтың ақбас сиыры

E) Қырдың қызыл сиыры

**F) Қашыр**

**G) Арқар-меринос қойы**

H) Қазақстан-3 бидай сорты

28. ААВв Х ААвв будандастыруында бірінші ұрпақтың генотипі мен фенотиптері



- A) 1AABB: 2AABв
- B) 1AABB: 1AABв
- C) 1 сары, тегіс: 1 сары, бұдыр**
- D) 1AABв: 1AAвв**
- E) 1 сары, тегіс: 1 жасыл, тегіс
- F) 1 сары, бұдыр: 1 жасыл, тегіс
- G) 2AaBв: 1AAвв
- H) 1AaBB: 1AAвв

29. Мезозойда пайда болды:

- A) Адам
- B) Саңырауқұлақтар
- C) Ашықтұқымдылар
- D) Сүтқоректілер**
- E) Қосмекенділер
- F) Жоғалаушылар
- G) Құстар**
- H) Жабықтұқымдылар**

30. Биосфера, биоценоз, экожүйе терминдерін ұсынған ғалымдар:

- A) К. Мебиус**
- B) Э Геккель
- C) А. Тенсли**
- D) В. Н. Сукачев
- E) В. И. Вернадский
- F) Эдуард Зюсс**
- G) А. Р. Уоллес
- H) Н. Н. Докучаев

Тест жауаптары:

1. D
2. A
3. D
4. A
5. C
6. E
7. C
8. A
9. C
10. C
11. B
12. D
13. A
14. A
15. C
16. D
17. A
18. C
19. A
20. C
21. E, F, G
22. B, C, E
23. A, D, E
24. A, C, E
25. A, C, D
26. B, D, G
27. A, F, G
28. C, D
29. D, G, H
30. A, C, F